

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау әрі дамыту мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестері туралы үлгі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 917 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.02. N 496 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау әрі дамыту мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестері туралы үлгі ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 9 т а м ы з д а ғ ы
N 9 1 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау әрі дамыту мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестері туралы үлгі ереже

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.04.29. N 410 қаулысымен .

Осы Ереже Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары құратын Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау әрі дамыту мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестерінің (бұдан әрі - Сарапшылық кеңестері) қызметін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Сарапшылық кеңестері өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына , заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен

Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Сарапшылық кеңесінің негізгі міндеттері:

1) шағын және орта кәсіпкерлік саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыруда консультациялық көмек;

2) шағын және орта кәсіпкерлікті қорғау мен дамытудың құқықтық нормаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өзара іс-қимылы әрі ынтымақтастығы мәселелері жөніндегі құжаттарды дайындауға жәрдемдесу болып табылады.

3. Сарапшылық кеңесі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) шағын және орта кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдер жобалары бойынша ұсыныстар әзірлейді және ұсынымдар береді;

2) шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

3) тиісті мемлекеттік органның шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қатысты мәселелер бойынша іс-шаралар жоспарын талқылайды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Сарапшылық кеңестерінің құқықтары

4. Сарапшылық кеңесінің жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) шағын және орта кәсіпкерлік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын қарауға;

2) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органға ұсыныстар енгізуге;

3) тиісті мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінен Сарапшылық кеңесінің міндеттерін іске асыру үшін қажетті ақпаратты, материалдарды сұратуға және алуға құқығы бар.

3. Сарапшылық кеңестерін құрудың және олардың қызметінің тәртібі

5. Сарапшылық кеңесінің құрамын оны құрған мемлекеттік орган белгілейді және оған осы органның бірінші басшысы басшылық жасайды.

Сарапшылық кеңесінің құрамы ғалымдардың, кәсіпкерлер қауымдастықтары мен қоғамдық бірлестіктері өкілдерінің, сондай-ақ өтеусіз негізде тартылатын тиісті мемлекеттік орган қызметкерлері арасынан құралады.

Сарапшылық кеңесінің жеке құрамын өзінің жанынан Сарапшылық кеңесі құрылған мемлекеттік орган басшысы бекітеді.

Сарапшылық кеңесінің құрамы тақ санды және 7 адамнан кем болмауға тиіс.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.04.29.гі N 410 қаулысымен.

6. Сарапшылық кеңесінің төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Сарапшылық кеңесінің отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады және Сарапшылық кеңесі жүзеге асыратын қызметке жауапты болады.

Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын Төраға тағайындайтын орынбасар атқарады.

7. Сарапшылық кеңесінің хатшысы Сарапшылық кеңесі қызметін құжаттамалық ресімдеуді ұйымдастырады.

8. Сарапшылық кеңесінің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады, Сарапшылық кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілігі оларға дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады.

9. Сарапшылық кеңесінің отырыстары тоқсанында кемінде бір рет өткізіліп тұрады. Отырысты өткізу күні мен уақытын Сарапшылық кеңесінің Төрағасы, ол болмаған жағдайда - оны ауыстыратын адам белгілейді.

10. Сарапшылық кеңесінің кезекті отырысында қарауға арналған мәселелердің тізбесін Сарапшылық кеңесінің Төрағасы Сарапшылық кеңесі мүшелерінің ұсыныстары бойынша отырыс өткізілгенге дейін 15 күннен кешіктірмей бекітеді.

11. Сарапшылық кеңесінің кезекті отырысының алдын ала күн тәртібі мен материалдарын Сарапшылық кеңесінің Хатшысы Сарапшылық кеңесінің мүшелеріне алдағы отырыс туралы хабарламамен бірге отырыс басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей жолдайды.

12. Сарапшылық кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Сарапшылық Кеңесінің Төрағасы мен Хатшысы қол қояды.

Сарапшылық кеңесі мүшелерінің қабылданған шешімге келіспеген жағдайда, өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде жазуға құқығы бар, ол отырыс хаттамасына тіркеледі.

13. Сарапшылық кеңесінің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.